



«NEXT QAZAQSTAN» аудандық стартап идеялар байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер:

- 1.1. Осы Ереже «NEXT QAZAQSTAN» аудандық стартап идеялар байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.
- 1.2. Байқау білім алушылардың инновациялық, шығармашылық және кәсіпкерлік ойлауын дамытуға, өзекті мәселелерге заманауи шешімдер ұсынуына және жобалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.
- 1.3. Байқау аудандық деңгейде өткізіледі.
- 1.4. Байқауды ұйымдастырушы: Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі және Балалар мен жасөспірімдер орталығы.

2. Мақсаты мен міндеттері:

2.1. Мақсаты – оқушылардың жаңа идеяларын қолдау, стартап мәдениетін қалыптастыру және Қазақстанның болашағына бағытталған практикалық жобаларды әзірлеуге ынталандыру.

- оқушылардың шығармашылық, сыни және кәсіпкерлік ойлау қабілеттерін дамыту;
- әлеуметтік, технологиялық және экономикалық мәселелерді анықтау және шешу дағдыларын қалыптастыру;
- жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды тиімді пайдалануға ынталандыру;
- идеяны прототипке (MVP) дейін жеткізуге жағдай жасау;

3. Қатысушылар:

- 3.1. Байқауға ауданның жалпы білім беретін мектептерінің 7–11 сынып білім алушылары қатысады.
- 3.2. Қатысу командалық форматта жүзеге асырылады.
- 3.3. Бір команда 2–4 білім алушыдан тұрады.
- 3.4. Әр командаға бір педагог-ментор бекітіледі.

4. Байқаудың бағыттары:

Байқауға қатысушы команда 1 бағытты ғана таңдайды.

- NEXT TECH – IT, жасанды интеллект, робототехника және цифрлық шешімдер;
- NEXT EDUCATION – білім беру технологиялары мен оқытуға арналған инновациялық шешімдер;
- NEXT ECO – экология, қалдықтарды басқару, су және энергия үнемдеу;
- NEXT SOCIAL – әлеуметтік мәселелер, қауіпсіздік, инклюзия және қоғамға пайдалы жобалар;
- NEXT BUSINESS – кәсіпкерлік, қызмет көрсету, өнім және жаңа бизнес-модельдер;

• NEXT QAZAQSTAN – ұлттық құндылықтар, мәдениет, туризм, ауылды және өңірді дамыту жобалары.

5. Байқауды өткізу тәртібі:

5.1. Өткізу мерзімі: **Аудандық кезең: 17 қараша 2026 жыл**

Өтетін орны: **Балалар мен жасөспірімдер орталығы. Луговой ауылы, С.Есімов 24А**

Облыстық кезең: 24 – 27 қараша 2026 жыл (қосымша хатпен нақты көрсетіледі)

5.2. Байқаудың мектепшілік кезеңін ұйымдастыру және өткізу тиісті білім беру ұйымдарының үйлестірушілер тарапынан жүзеге асырылады.

5.3. Аудандық кезең **дәстүрлі форматта** өткізіледі. Облыстық кезеңге аудандық кезеңнің қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен жеңімпаз 1 команда қатысады.

5.4. Аудандық кезеңге қатысушы командалар өз жобаларын белгіленген мерзімге дейін ұйымдастыру комитетіне өтініммен бірге электрондық форматта ұсынады.

Жоба материалдары презентация, бейнеролик, PDF форматта қабылданады.

5.5. Сарапшылар алқасы жобаларды осы Ережеде белгіленген бағалау критерийлеріне сәйкес бағалайды.

5.6. Аудандық кезеңнің қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер сарапшылар алқасының шешімі негізінде анықталады.

6. Жобаға қойылатын талаптар:

6.1. Жоба авторлық, өзекті, жаңашыл және практикалық маңызы бар болуы тиіс.

6.2. Жоба идея, әзірлеу немесе прототип (MVP) кезеңінде болуы мүмкін.

6.3. Жоба құрамында: атауы мен бағыты, мәселе, мақсатты аудитория, шешім, жаңашылдығы, іске асыру жоспары, ресурстары мен бюджеті, әсері және даму перспективасы көрсетіледі.

6.4. Презентация көлемі PDF форматта болған жағдайда 10–15 слайдтан, бейнеролик болған жағдайда ұзақтығы 5 мин аспауы қажет.

6.5. Жасанды интеллект құралдарын пайдалануға рұқсат етіледі.

6.6. Плагиатқа және басқа тұлғалардың дайын жобасын өз атына ұсынуға жол берілмейді.

6.7. ҚР заңнамасына қайшы келетін немесе адам қауіпсіздігіне зиян келтіруге бағытталған жобалар қабылданбайды.

7. Өтінім беру тәртібі:

7.1. Өтінімдер ұйымдастырушы тараптың электрондық поштасына abb_elzat@mail.ru белгіленген мерзімде жоба материалдарымен бірге жіберіледі.

7.2. Аудандық кезеңге өтінім беру мерзімі: **«14» қараша 2026 жылға дейін.**

7.3. Толық емес немесе талаптарға сәйкес келмейтін материалдар қарауға қабылданбайды.

8. Бағалау критерийлері:

- Идеяның өзектілігі және мәселені нақты анықтауы;
- Идеяның жаңашылдығы және инновациялық деңгейі;
- Шешімнің практикалық құндылығы;
- Жобаны іске асыру мүмкіндігі;
- Әлеуметтік/экономикалық әсері.

9. Сарапшылар алқасы:

9.1. Сарапшылар алқасының құрамын ұйымдастырушы бекітеді.

9.2. Сарапшылар құрамына білім беру, IT, кәсіпкерлік, бизнес, инновация және қоғамдық даму салаларының мамандары енгізіледі.

9.3. Сарапшылар жобаларды осы Ережеде белгіленген критерийлер бойынша бағалайды.

9.4. Балдар тең болған жағдайда жобаның өзектілігі, іске асырылу мүмкіндігі және жаңашылдығы басымдық ретінде қарастырылады.

10. Жеңімпаздарды анықтау және марапаттау:

10.1. Жеңімпаздар ең жоғары қорытынды балл жинаған жобалар арасынан анықталады.

10.2. Негізгі жүлделер: Бас жүлде – «NEXT QAZAQSTAN» Гран-при; I орын; II орын; III орын.

10.3. Арнайы номинациялар: «Үздік AI-жоба», «Үздік инновациялық жоба», «Үздік әлеуметтік стартап», «Үздік экологиялық жоба», «Үздік бизнес-идея», «Үздік ұлттық жоба», «Үздік MVP/прототип».

11. Құқықтар мен міндеттер:

11.1. Ұйымдастырушы Байқаудың ұйымдастырылуын, ақпараттық сүйемелденуін, сараптамасын және марапаттау рәсімін қамтамасыз етеді.

11.2. Қатысушылар осы Ережені сақтайды, ұсынған ақпараттың дұрыстығына жауап береді, жобаның авторлығын қамтамасыз етеді.

12. Авторлық құқық және дербес деректер:

12.1. Жобаның авторлық құқығы оның авторларында сақталады.

12.2. Қатысушылар Байқауды ақпараттық жариялау мақсатында жобаның атауын, авторларын және қысқаша сипаттамасын пайдалануға келісім береді.

13. Қорытынды ережелер:

13.1. Осы Ережеде қарастырылмаған мәселелерді ұйымдастырушы шешеді.

13.2. Ұйымдастырушы техникалық талаптарға немесе мерзімдерге өзгеріс енгізген жағдайда қатысушыларға хабарлайды.

13.3. Байқауға қатысу осы Ереженің талаптарын қабылдауды білдіреді.

14. Байланыс ақпараты:

Тилеубаева Эльзат Аязкуловна

Тел: 8 7754311985

«NEXT QAZAQSTAN» аудандық стартап идеялар байқауына ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ ҮЛГІСІ

1. Жоба атауы: _____

2. Бағыты: _____

3. Білім беру ұйымы: _____

4. Елді мекен: _____

5. Команда құрамы:

1) Аты-жөні, сыныбы _____

2) Аты-жөні, сыныбы _____

3) Аты-жөні, сыныбы _____

4) Аты-жөні, сыныбы _____

6. Педагог-ментор: _____

7. Байланыс телефоны: _____

8. Электрондық пошта: _____

9. Жоба материалдары электрондық форматта



Бекітемін

Т. Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысының

міндеттерін атқарушы

А.Беделбаев

2026 жыл

Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл:

«Ұлы ұстаз мұрасы және жасанды интеллект дәуіріндегі білім»

аудандық шығармашылық байқауының

ЕРЕЖЕСІ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл толуына орай ұйымдастырылатын «Ұлы ұстаз мұрасы және жасанды интеллект дәуіріндегі білім» аудандық шығармашылық байқауын (бұдан әрі – Байқау) өткізу тәртібін айқындайды.

1.2. Байқауды ұйымдастырушы: Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі және Балалар мен жасөспірімдер орталығы.

1.3. Байқау қашықтан, онлайн форматта өткізіледі.

1.4. Байқауда цифрлық және жасанды интеллект құралдарын шығармашылық мақсатта пайдалануға рұқсат етіледі. AI қолданылған жағдайда бұл жұмыс сипаттамасында көрсетілуі тиіс.

2. МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1. Мақсаты – ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасын дәріптеу, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін білім беру мақсатында тиімді пайдалануға ынталандыру.

2.2. Міндеттері:

- Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен ағартушылық қызметін насихаттау;
- ұлы ұстаздың білім, тәрбие және адамгершілік идеяларын қазіргі заман тұрғысынан зерделеу;
- оқушылардың шығармашылық ойлау, зерттеу және цифрлық сауаттылық дағдыларын дамыту;
- жасанды интеллект құралдарын жауапты әрі шығармашылық мақсатта қолдануға ынталандыру;
- оқушылардың авторлық идеялары мен заманауи жобаларын қолдау;
- балалар арасында тәжірибе және шығармашылық идеялар алмасуға мүмкіндік жасау.

3. ҚАТЫСУШЫЛАР

3.1. Байқауға ауданның жалпы білім беретін мектептерінің 7–11 сынып оқушылары қатыса алады.

3.2. Қатысу жеке түрде жүзеге асырылады.

3.3. Бір қатысушы бір номинация бойынша бір ғана жұмыс ұсына алады.

3.4. Педагог немесе жетекші консультациялық көмек көрсете алады, алайда жұмыстың негізгі мазмұны мен шығармашылық идеясы қатысушыға тиесілі болуы тиіс.

4. БАЙҚАУ НОМИНАЦИЯЛАРЫ

4.1. «Ыбырай ізімен» – шығармашылық бейнеролик

Қатысушылар Ыбырай Алтынсариннің өмірі, ағартушылық қызметі мен педагогикалық мұрасын насихаттайтын және оның идеяларын бүгінгі күнмен байланыстыратын 2–3 минуттық бейнеролик дайындайды. Бейнероликте қатысушының өзіндік идеясы, шығармашылық көзқарасы және тақырыпты заманауи түрде жеткізуі ескеріледі.

4.2. «Ұстаз мұрасы – цифрлық дәуірде» – цифрлық шығармашылық жоба

Қатысушылар Ыбырай Алтынсариннің мұрасын заманауи цифрлық технологиялар арқылы таныстыратын шығармашылық жұмыс ұсынады.

Төмендегі форматтардың бірінде орындалуы мүмкін:

- анимация;
- цифрлық комикс;
- иллюстрациялық жоба;
- виртуалды сұхбат;
- интерактивті презентация;
- қысқа бейнеролик;
- жасанды интеллект элементтері қолданылған басқа да шығармашылық жұмыстар.

Жұмыстың ұзақтығы 3–5 минуттан аспауы немесе презентация көлемі 10 слайдқа дейін болуы тиіс.

4.3. «Ұлы ұстазға тағзым» – авторлық шығарма

Қатысушылар Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен еңбегіне, ұстаздық жолына, ағартушылық идеяларына арналған өздерінің авторлық шығармаларын ұсынады.

Қабылданатын жұмыс түрлері:

- эссе;
- өлең;
- Ыбырайға арналған хат;
- монолог;
- авторлық әңгіме.

Эссе көлемі – 2–3 бетке дейін.

Шығарма автордың жеке ойы мен шығармашылық көзқарасын қамтуы тиіс.

5. ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ТӘРТІБІ

5.1. Өткізу мерзімі: Аудандық кезең: 11 қараша 2026 жыл

Өтінімдер ұйымдастырушы тараптың электрондық поштасына abb_elzat@mail.ru белгіленген мерзімде **10 қараша 2026 жылға** дейін жіберіледі.

Облыстық кезең: 16 - 19 қараша 2026 жыл

5.2. Байқаудың мектепшілік және аудандық/қалалық кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу тиісті білім беру ұйымдары мен аудандық/қалалық үйлестірушілер тарапынан жүзеге асырылады.

5.3. Облыстық кезеңге аудандық/қалалық кезеңнің қорытындысы бойынша үздік нәтиже көрсеткен 2 жеңімпаз қатысады.

5.4. Жұмыс Google Drive, YouTube немесе басқа қолжетімді бұлттық платформаға жүктеліп, сілтемесі өтінімге тіркеледі.

5.5. Сілтеме қазылар алқасына қарауға ашық болуы тиіс.

6. ЖҰМЫСТАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1. Жұмыс Байқау тақырыбына сәйкес болуы тиіс.

6.2. Мазмұны автордың жас ерекшелігіне сай және түсінікті болуы қажет.

6.3. Жұмыс авторлық сипатта болуы тиіс.

6.4. Бейнероликтің дыбыс және бейне сапасы анық болуы қажет.

6.5. Интернеттен алынған материалдар пайдаланылса, дереккөз көрсетіледі.

6.6. AI арқылы жасалған материалдарда жасанды интеллект қолданылғаны көрсетіледі.

6.7. Қатысушы басқа авторлардың авторлық құқықтарын сақтауға міндетті.

7. БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Тақырыптың ашылуы;

Ыбырай мұрасын түсінуі;

Шығармашылық идея;

Заманауи көзқарас;

Цифрлық/AI құралдарын орынды қолдану;

Көркемдік және техникалық сапа.

8. ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ

8.1. Байқау жұмыстарын бағалау үшін ұйымдастырушы тарапынан қазылар алқасы құрылады.

8.2. Қазылар құрамына білім беру, қосымша білім беру, балалар қозғалысы, мәдениет және цифрлық технологиялар саласының мамандары енгізіледі.

8.3. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді және түпкілікті болып табылады.

9. ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ

9.1. Байқау қорытындысы ұйымдастырушының ресми ақпараттық ресурстарында жарияланады.

9.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Бас жүлде, I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

9.3. «Үздік шығармашылық идея», «Үздік AI-жоба», «Ыбырай мұрасын үздік насихаттаушы» арнайы номинациялары бойынша марапаттар беріледі.

10. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ

10.1. Ұйымдастырушы жұмыстардың талаптарға сәйкестігін тексеруге;

10.2. Талаптарға сәйкес келмейтін жұмыстарды Байқаудан шеттетуге;

10.3. Байқау материалдарын авторын көрсете отырып ақпараттық және насихаттық мақсатта пайдалануға;

10.4. Қажет болған жағдайда Байқаудың мерзімі мен ұйымдастыру тәртібіне өзгерістер енгізуге құқылы.

11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1. Байқауға жұмыс жіберу арқылы қатысушы осы Ережемен танысқанын және оның талаптарын қабылдайтынын растайды.

11.2. Қатысушы ұсынған материалдардың мазмұнына және авторлық құқықтардың сақталуына өзі жауап береді.

11.3. Байқауға қатысты қосымша ақпарат ұйымдастырушының ресми байланыс арналары арқылы беріледі.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Балалар мен жасөспірімдер орталығы. Тилеубаева Эльзат Аязкуловна

Тел: 8 7754311985, abb_elzat@mail.ru

Мекен-жайы: Луговой ауылы, С.Есімов көшесі 24А үй

Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл:

**«Ұлы ұстаз мұрасы және жасанды интеллект дәуіріндегі білім»
аудандық шығармашылық байқауына қатысуға**

ӨТІНІМ

1. Қала, ауданы _____

2. Аты-жөні (толық) _____

3. Туылған күні, айы, жылы _____

4. Мектебі, сыныбы _____

5. Номинация атауы _____

6. Жұмыстың сілтемесі (болған жағдайда) _____

7. Тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефоны _____

8. Жетекшісінің аты – жөні _____